

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 сәуірдегі N 359 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 шілде N 1044. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.02. N 1831 қаулысымен. ~P991831

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 1 ақпандағы N 5 өкімін іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 сәуірдегі N 359 P990359_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің төрағасына" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттары депутаттарының сайлауын дайындау және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасына" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.